



201 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ Астана, Үкімет Үйі « \_\_\_\_ »

201 \_\_\_\_ г. \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ исх: 21-11/131 от: 15.02.2017

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
Г. Шиповскихқа, А. Ералиевке,  
Г. Щегельскийге, З. Балиеваға,  
Б. Хаменоваға, И. Смирноваға**

*2017 жылғы 18 қаңтардағы № ДС-1*

### **Құрметті депутаттар!**

Жетім-балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, оның ішінде жұмыс орындарына белгіленген квота шеңберінде жұмыспен қамтамасыз етуге қатысты мынаны хабарлаймын.

Мемлекет жетім-балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жан-жақты қолдау көрсетеді.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 74-бабының 4-тармағына сәйкес жетім балалардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды бірінші кезекте алуға құқығы бар.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекет әлеуметтік көмекке мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын, оның ішінде жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды олардың білім алуы кезеңінде қолдау шығыстарын толық немесе ішінара өтейді.

Баланы қабылдайтын отбасы институтын, отбасылық үлгідегі балалар үйлерін құру есебінен 100-ден астам тәрбиеленушісі бар ірі балалар үйлерінің желілері 2013 жылмен салыстырғанда 44 %-ға азайды (2017 жылы 14 бірлік, 2013 жылы 25 бірлік). Бұл ретте отбасылық үлгідегі балалар үйлерінің желілері 2013 жылғы 16 үйден – 2016 жылы 29 үйге дейін өсті.

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша жыл сайын мектептерді, колледждерді және ЖОО-ларды балалар үйлерінің 1100-ге жуық

тәрбиеленушісі, оның ішінде 900-ден астам адам – кәсіп ала отырып бітіреді. Оның ішінде 60 %-ға жуығы жұмысқа орналасады, 7 %-ы – білім алуды жалғастырады, 6 %-ы әскери борышын өтеуге шақырылғандар, бала күтімі бойынша демалыста отырғандар, 27 %-ының тұрақты жұмысы жоқ, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Жастардың осы санатын жұмыспен қамту мақсатында «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес жергілікті атқарушы органдар жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілейді.

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 маусымдағы № 412 бұйрығы) жергілікті атқарушы органдар квотаның шекті нормаларын өңірлік еңбек нарығындағы ахуалға, жұмысқа орналастыруға мұқтаж балалар үйлері тәрбиеленушілерінің санына қарай дербес айқындайды. Қазіргі уақытта өңірлерде қолданыстағы квоталардың мөлшері орта есеппен ұйымдардағы жұмыс орындары санының 1,0%-ын құрайды.

Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері үшін жұмыс орындарына белгіленген квотаны жұмыс берушілердің орындауын қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдарға осы норманың орындалуына бақылауды күшейту туралы тапсырма берілді (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2017 жылғы 8 ақпандағы № 11-2-22/98-И хаты).

Бұдан басқа, Заңда балалар ауылының тәрбиеленушілерімен балалар үйлерінің түлектері, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасуда, жұмысқа орналасу мақсатында жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қоныс аударуда басым құқық пайдаланатындығы көзделген.

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы (бұдан әрі – Жол картасы) іске асырыла бастағаннан бері оған жастар қатарынан мемлекеттік қолдау шараларын алған 388,1 мың адам қатысқан. 2016 жылдың қорытындысы бойынша Жол картасына балалар үйлерінің 151 тәрбиеленушісі, он сегізден жиырма тоғыз жасқа дейінгі жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатысты. Оның 145-і, оның ішінде тұрақты жұмыс орындарына 60,7 %-ы (88 адам) жұмысқа орналасқан. Мемлекет субсидиялайтын әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар практикасына 44 тәрбиеленуші жұмысқа орналасты, 24 адам жаңа тұрақты жерге қоныс аударып, оның 92 %-ы жұмысқа орналасты.

Ағымдағы жылы Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жетім-балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ интернаттық ұйымдардың түлектері тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтылатын

болады. Бұл ретте, олар оқу барысында бір реттік тегін тамақпен, стипендиямен, жол жүру ақысымен қамтамасыз етіледі.

Жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды жұмыспен қамту мәселесі бұдан әрі де Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұрақты бақылауында болады.

**А. Мамин**